



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2020 жылғы 18 тамыз

KAZ MINERALS 2020 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ІС-ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАРАМАСТАН КЕРЕМЕТ ӨНІМДІЛІК

KAZ Minerals Тобы 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік іс-қызметінің қорытындыларын және қаржылық нәтижелерін жариялады.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында сатудан түскен табыс \$991 млн (2019 жылдың бірінші жартысы: \$1,052 млрд) құрады. Мыстың орташа биржалық бағасының 11%-ға төмендеуін Топ сатылған мыс көлемінің 2%-дық ұлғаюымен және алтынды сатудан түскен табыстың 16%-ға өсуімен өтеді. Есепті кезеңдегі EBITDA - \$559 млн, EBITDA маржасы 56% деңгейінде (2019 жылдың бірінші жартысы: \$620 млн, маржа 59% деңгейінде). Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны 31%-ға өсіп, \$310 млн (2019 жылдың бірінші жартысы: \$236 млн) құрады. Бір фунт үшін 68 АҚШ центрі мөлшеріндегі таза ақшалай өзіндік құн (2019 жылдың бірінші жартысы: бір фунт үшін 80 АҚШ центрі) жаһандық шығындар қисығының бірінші квинтилінде тұр.

Өндірістік нәтижелер

Есеп жарияланған күнгі мәліметке сәйкес KAZ Minerals Covid-19-дың кесірінен өндіріс пен сатуда елеулі іркілістерге жол берген жоқ. Бұрын хабарланғандай, 2020 жылдың бірінші жартысында Топ 153,8 мың тонна мыс¹ өндірді – бұл 2019 жылдың бірінші жартысына қарағанда 4%-ға артық (147,6 мың тонна). Бұған негізінен жоғары өткізу қабілеті мен Бозшакөл кеніндегі мыстың жоғары үлесі себеп болды.

ШҚО-ғы Ақтоғай КБК-де бірінші жартыжылдықта 67,6 мың тонна мыс¹ (2019 жылдың бірінші жартысы: 74,1 мың тонна), Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-де 60,4 мың тонна мыс² (2019 жылдың бірінші жартысы: 47,1 мың тонна), Шығыс өңірдің кәсіпорындарында және Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде 25,8 мың тонна мыс² (2019 жылдың бірінші жартысы: 26,4 мың тонна) өндірілді.

Алтын² өндірісі 25%-ға артып, 109,7 мың унцияға дейін жетті (2019 жылдың бірінші жартысы: 87,7 мың унция), күміс² 1,7 млн унцияны (2019 жылдың бірінші жартысы: 1,6 млн унция), концентраттағы мырыштың өндіріс көлемі 29%-ға өсіп, 23,8 мың тоннаны құрады (2019 жылдың бірінші жартысы: 18,4 мың тонна).

KAZ Minerals барлық металдарды өндірудің жоспарлы көлеміне қол жеткізу жолында (280-300 мың тонна мыс, 180-200 мың унция алтын, 3 млн унция күміс, 40 мың тоннаға жуық концентраттағы мырыш) келеді, бірақ Covid-19-дың екінші жартыжылдықтағы жоғары қауіпін де ескереді.

Covid-19-ға қатысты шаралар

Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін, денсаулығын және әл-ауқатын қамтамасыз ету - Топтың бірінші кезектегі міндеті. Қызметкерлер мен өндірісті қорғаудың кешенді шаралары қабылданды: барлық кәсіпорындардағы инфекциялық бақылау, кеніштерге кіруді шектеу, қызметкерлерді тестілеу және оқшаулау, вахталарды қайта ұйымдастыру, аса маңызды қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарының қорларын ұлғайту. Шілде айында Ақтоғайда қызметкерлерді ПТР-тестілеу зертханасы ашылды. Топ өз іс-қызметін жүргізетін елдердегі жергілікті халықтың осал топтарына қолдау көрсетеді. Жалпы алғанда, Covid-19-ға байланысты және бірінші жартыжылдықта өндірісті қолдауға жұмсалған қосымша шығындар \$15 млн құрады.

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

Қаржылық нәтижелер

2020 жылдың бірінші жартысында Топ 146,9 мың тонна мыс сатты (2019 жылдың бірінші жартысы: 144,4 мың тонна), 2%-дық өсім Лондон металдар биржасында шикізаттың орташа бағасының тоннасына \$6 165 – дан \$5 516 дейін төмендеуін ішінара өтеді. Сатудан түскен табыс 6%-ға, яғни, \$991 млн-ға дейін төмендеді (2019 жылдың бірінші жартысы: \$1,052 млрд).

KAZ Minerals \$559 млн доллар көлеміндегі EBITDA тіркеді, бұл 56% маржаға сәйкес келеді (2019 жылдың бірінші жартысы: \$620 млн, 59%).

Компания жалпы ақшалай өзіндік құнды бір фунт үшін 137 АҚШ центіне дейін қысқартты (2019 жылдың бірінші жартысы: бір фунт үшін 144 АҚШ центі) және таза ақшалай өзіндік құнды бір фунт үшін 68 АҚШ центіне дейін (2019 жылдың бірінші жартысы: бір фунт үшін 80 АҚШ центі) төмендетіп, саладағы жетекші позицияны сақтап қалды. Үлестік шығындарға сатудың неғұрлым жоғары көлемі мен қазақстандық теңге мен АҚШ доллары арасындағы бағамдық айырма оң әсерін тигізді.

Мыс бағасының төмендеуі салдарынан Топтың операциялық табысы 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында \$357 млн-ға дейін (2019 жылдың бірінші жартысы: \$410 млн) азайды. Салық салғанға дейінгі табыс \$249 млн (2019 жылдың бірінші жартысы: \$289 млн), ал базалық пайдаға негізделген акцияға табыс \$0,42 (2019 жылдың бірінші жартысы: \$0,48) болғандағы табыс – \$197 млн (2019 жылдың бірінші жартысы: \$227 млн) құрады.

Топтың таза берешегі \$38 млн артып, \$2,797 млрд дейін жетті (2019 жылғы 31 желтоқсан: \$2,759 млрд). Операциялық қызметтен түскен \$310 млн мөлшеріндегі таза ақша ағыны Ақтоғайды кеңейту жобасына (Ақтоғай II) \$149 млн және Ресей Федерациясының Чукот АО-дегі Баимская мыс жобасына \$74 млн күрделі шығындарды қоса алғанда, өркендеу жобаларына \$252 млн мөлшеріндегі инвестицияларға салуға оң ықпал етті.

Бірінші жартыжылдықта компания өндірісті қолдауға \$61 млн көлемінде күрделі шығындар жұмсады. Бұл жоспарлы көрсеткіш жылына шамамен \$170 млн құрайды. Шығындардың көп бөлігі жылдың екінші жартысында болады деп күтілуде.

2020 жылғы 28 қаңтарда KAZ Minerals Тобы қолданыстағы экспорт алдындағы қаржылық несие желісін (ЭАҚЖ) қайта қаржыландыру және қарыз алу лимитін қолданыстағы желі аясында өтелмеген \$300 миллионнан \$1 миллиардқа дейін ұлғайту туралы хабарлады. Қосымша \$700 млн 2020 жылдың бірінші тоқсанында толығымен игерілді.

2020 жылғы 30 маусымдағы мәліметке сәйкес жалпы өтімді қаражат \$1,101 млрд құрады. Ақтоғайды кеңейту жобасындағы күрделі шығындарды қаржыландыру үшін "ҚДБ – Ақтоғай II" желісі бойынша \$200 млн, жаңа көлік құралдарын жеткізу аяқталғаннан кейін САТ желісі бойынша \$26 млн игеру қажет.

2020 жылғы 30 маусымдағы жалпы берешек \$3,898 млрд дейін өсті (2019 жылғы 31 желтоқсан: \$3 300 млрд), өйткені жаңа несие желісі мен «ҚДБ – Ақтоғай II» желісін игеру Қытайдың мемлекеттік даму банкі мен "ҚДБ-Ақтоғай I" ұзақ мерзімді қарыздары бойынша \$189 млн мөлшеріндегі жоспарлы күрделі төлемдермен өтелді.

Өркендеу жобалары

Ақтоғайды кеңейту жобасы. Құрылыс жұмыстарының барысын және Covid-19-дың қысқа мерзімді салдарын зерттегеннен кейін, 2020 жылғы 30 сәуірде Топ Ақтоғай кеңейту жобасы туралы жаңартылған ақпарат жариялады. Жоба әлі де 2021 жылы аяқталады деп жоспарланған, бірақ енді Ақтоғай II-дегі өндіріс 2021 жылдың соңында іске қосылады деп күтілуде.

Бірінші жартыжылдықтағы күрделі шығындар \$149 млн құрады, жыл бойы жобаға шамамен \$300 млн салу жоспарлануда (алдыңғы жоспарлы аралық \$300-350 млн көлемінде белгіленді). Жобаның \$1,2 млрд жалпы бюджеті өзгерген жоқ, қалған шамамен \$240 млн шығындар 2021 жылы жұмсалады.

Мамыр мен маусым айларында Топ Ақтоғайдағы қызметкерлер мен мердігерлердің вахталарын қайта ауыстыра алды және жобаны іске асыру қарқыны артты. Алайда, егер халықаралық мердігерлер мен жабдық өндірушілердің өкілдері ұзақ уақыт бойы кенішке жете алмаса, жоба кестесіне қауіп төнуі мүмкін.

Баимская мыс жобасы. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясының Чукот АО-де орналасқан Баимская жобасын сатып алды және қазіргі уақытта банктік техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) жалғастыруда, оның нәтижелері 2020 жылдың соңына дейін шығады деп жоспарланған.

Екінші тоқсанда Баимская алаңындағы жұмыстар Covid-19-ға қарсы өңірлік шараларға байланысты шектеулі болды. Дегенмен алаңға бір жылға жоспарланған бастапқы жұмыстарды жүргізу үшін алдын ала жабдықтар мен материалдар жеткізілген. Бүгінгі таңда белсенділік қалыпты жағдайға қайта оралды және бастапқы жұмыстар кесте бойынша жүргізілуде.

Бірінші жартыжылдықта күрделі шығындар \$74 млн құрады. Екінші жартыжылдықта егжей-тегжейлі инженерлік-техникалық жұмыстардың даму мүмкіндіктері анықталды, \$40 млн мөлшеріндегі қосымша күрделі шығындар бекітілді. Сонымен бірге, Баимская жобасының жылдық шығындары бүгінде шамамен \$190 млн деп бағаланады.

2020 жылғы 5 маусымда Баимская жобасының кейбір негізгі көрсеткіштері туралы жаңартылған ақпарат жарияланды, оның ішінде минералды ресурстардың және кенішті пайдалану мерзімінің әлеуетті ұлғаюы, кенді қайта өңдеу бойынша жобалық қуаттың жылына 17%-ға, яғни, жылына 70 млн тоннаға дейін артуы, екі өндірістік желіде өндірісті шамамен 12-18 ай аралықта ұлғайтуды көздейтін құрылыс кестесін қайта қарау. Бұл бір мезгілде іске қосумен салыстырғанда қаржыландырудың ең жоғары қажеттіліктерін азайтады. Күрделі бюджеттің 10%-ға жуығы бірінші желіден өндіріс басталғаннан кейінгі кезеңде жұмсалады. Жобаның болжамды күрделі бюджеті бүгінгі күні \$7 млрд құрайды.

Ресей Федерациясының Үкіметі мен Топ жобаның операциялық кезеңіне қажетті энергетикалық және көлік инфрақұрылымы бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруда. Чаун шығанағының Наглейнғын мүйісіндегі жаңа порт пен СТГ-электр станциясын салу туралы жаңа ұсыныс қарастырылуда. Осы ұсыныс сәйкес СТГ-электр станциясы операциялық кезеңге қажетті электр энергиясын қамтамасыз етеді. Баимская жобасынан жаңа портқа дейін концентратты тасымалдау үшін пайдаланылатын ұзындығы 400 км жол салынады.

Жобаның кестесі, күрделі шығындар, өндірістің жоспарлы көрсеткіштері және операциялық шығындар туралы толығырақ ақпарат банктік ТЭН аяқталғаннан кейін жарияланатын болады. Содан кейін әлеуетті несиберушілермен талқылау жалғасады және Топ жоба бойынша серіктестік мүмкіндіктерін бағалайды.

Дивидендтер

2020 жылдың бірінші жартысында Топ жоғары өндірістік және қаржылық нәтижелер көрсетті. Кәсіпорындарды Covid-19-дан қорғау шаралары қабылданды, барлық кеніштер өндіріс көлемін сақтап қалды, өнімді сатуда Қытай-Қазақстан шекарасында аздаған кідірістер болды. Компания Ақтоғайды кеңейту жобасына және Баимская мыс жобасына инвестиция салуды жалғастыруда.

Осы жағдайларды және Топтың икемді дивидендтік саясатын ескере отырып, Директорлар кеңесі бір акцияға 4,0 АҚШ центі мөлшерінде аралық дивиденд жариялады (2019 жылдың бірінші жартысы: 4,0 цент АҚШ). Баимская жобасының қаржылық қажеттіліктері, қаржыландыру және әріптестік нұсқаларын қоса алғанда, банктік ТЭН аяқталғаннан кейін бағаланатын болады, содан кейін Директорлар кеңесі Топтың капиталын бөлуді қосымша қарайды.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: Covid-19-ға және осыған байланысты 2020 жылдың бірінші жартысында тау-кен компанияларының күрделі жұмыс жағдайларына қарамастан, KAZ Minerals \$559 млн көлемінде EBITDA тіркеді және операциялық іс-қызметтен келген таза ақша ағынын 31%-ға арттырып, \$310 млн дейін жеткізді. Қызметкерлеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында мыс пен алтынның өндірісін арттырдық, шығындардың төмен деңгейін сақтадық, таза ақшалай өзіндік құнды бір фунт үшін 68 АҚШ центі көлемінде бекіттік. Covid-19-ға қатысты қауіп-қатерлер сақталуда, дегенмен бірінші жартыжылдықтағы тамаша көрсеткіштерден кейін KAZ Minerals өндірістің жоспарлы көлеміне қол жеткізу жолында келеді».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2019 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 311 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 38 мың тонна концентраттағы мырыш, 201 мың унция алтын мен 3,382 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,35% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті - шамамен \$7 млрд. Оның 10%-ға жуығы кеніштегі өндіріс басталғаннан кейін шығынданады. Жобаның егжей-тегжейлі көрсеткіштері 2020 жылдың соңына қарай, яғни, банктік ТЭН аяқталғаннан кейін расталатын болады. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.